

Факультет/Жоғары мектеп деканы біліктілігіне қойылатын талаптар:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;
- ғылыми дәрежесінің болуы/өнер, сәулет, дене шынықтыру және спорт саласындағы құрметті атағы және (немесе) мемлекеттік наградасы болуы;
- білім беру ұйымдарында ғылыми-педагогикалық немесе басқарушылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл болуы;
- факультетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларының пәндер бейініне ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган берген/танылған білімі немесе ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағының сәйкес келуі;
- соңғы 3 (үш) жылда менеджмент саласы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың болуы.

Факультет/Жоғары мектеп декан орынбасары біліктілігіне қойылатын талаптар:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;
- ғылым магистрі академиялық дәрежесінің болуы;
- кемінде 3 (үш) жыл ғылыми-педагогикалық қызмет өтілінің болуы.

Кафедра меңгерушісі біліктілігіне қойылатын талаптар:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;
- ғылыми дәрежесінің болуы/өнер, сәулет, дене шынықтыру және спорт саласындағы құрметті атағы және (немесе) мемлекеттік наградасы болуы;
- ғылыми-педагогикалық немесе басқарушылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл болуы;
- білімінің және (немесе) ғылыми дәрежесінің және (немесе) ғылыми атағының кафедра іске асыратын білім беру бағдарламалары пәндерінің бейініне сәйкес келуі;
- халықаралық рецензияланатын журналда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған 1 (бір) мақаланың болуы (халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарға Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1, 2 және 3-квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) дерекқорында үміткердің мамандығына сәйкес келетін ғылыми сала бойынша CiteScore (СайтСкор) процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын журналдар жатады) немесе уәкілетті орган ұсынған тізбеге кіретін журналдарда жарияланған 2 (екі) мақаланың болуы, бұл ретте көрсетілген мақалалардың бірінде үміткер бірінші автор немесе хат-хабарларға арналған автор (автор-корреспондент) болуы тиіс;
- мынадай оқу-ғылыми еңбек түрлерінің бірінің болуы:
- Ғылыми кеңес ұсынған, авторлық үлесі кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайтын монография;
- немесе соңғы 5 (бес) жыл ішінде басып шығарылған, көлемі кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайтын, білім беру процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы бойы пайдаланылатын және Ғылыми кеңес, Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы болуы тиіс;
- «Халықаралық қатынастар» (Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық) және «Шетел тілдері» (Техникалық мамандықтарға арналған шетел тілі, Гуманитарлық мамандықтарға арналған шетел тілі, Заманауи тілдер және аударматану) кафедраларының меңгерушісі лауазымдарына үміткерлер өтініш білдіру кезінде нәтижесі 6.5-7.0-ден төмен емес IELTS немесе TOEFL (PBT – 498 балдан кем емес, iBT – 80 балдан кем емес) сертификатын ұсынуы тиіс.

Кафедраның профессоры біліктілігіне қойылатын талаптар:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;
- ғылыми дәрежесінің және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағының болуы;
- ғылыми-педагогикалық қызмет өтілінің кемінде 5 (бес) жыл болуы;
- білімінің және (немесе) ғылыми дәрежесінің және (немесе) ғылыми атағының оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі;

- тиісті мамандық бойынша соңғы 5 (бес) жыл ішінде 12 (он екі) ғылыми мақаланың болуы, оның ішінде:
- уәкілетті орган ұсынған басылымдарда жарияланған 10 (он) ғылыми мақаланың болуы;
- аталған мақалаларда үміткер бірінші автор немесе хат-хабарларға арналған автор болуы тиіс шартпен, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1 және 2-квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) дерекқорында үміткердің мамандығына сәйкес келетін ғылыми сала бойынша CiteScore (СайтСкор) процентиль көрсеткіші кемінде 50 (елу) құрайтын ғылыми журналдарда жарияланған 2 (екі) ғылыми мақаланың болуы;
- авторлық үлесінің көлемі кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайтын, Ғылыми кеңес ұсынған монографияның болуы;
- немесе соңғы 5 (бес) жыл ішінде басып шығарылған, көлемі кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайтын, Ғылыми кеңес, Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған, жеке жазылған оқулықтың болуы;
- немесе үміткердің жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар кемінде 3 (үш) тұлғаның болуы;
- біліктілікті арттыру туралы сертификаттың болуы.

Кафедраның доценті біліктілігіне қойылатын талаптар:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;
- ғылыми дәрежесінің болуы/өнер, сәулет, дене шынықтыру және спорт саласындағы құрметті атағы және (немесе) мемлекеттік наградасы болуы;
- ғылыми-педагогикалық қызмет өтілінің кемінде 5 (бес) жыл болуы;
- білімінің және (немесе) ғылыми дәрежесінің және (немесе) философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесінің және (немесе) ғылыми атағының оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі;
- ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың болуы;
- үміткер бірінші автор немесе хат-хабарларға арналған автор болуы тиіс шартпен, соңғы 5 (бес) жыл ішінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланған кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың болуы (Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1, 2 және 3-квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) дерекқорында үміткердің мамандығына сәйкес келетін ғылыми сала бойынша CiteScore (СайтСкор) процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) құрайтын журналдар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарға жатады);
- мынадай оқу-ғылыми еңбек түрлерінің бірінің болуы:

Кафедраның аға оқытушысы біліктілігіне қойылатын талаптар:

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура), жоғары білім, маман;
- ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 3 (үш) жыл немесе мамандығы (қызмет бейіні) бойынша практикалық жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл болуы;
- білімінің және (немесе) ғылыми дәрежесінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі;
- уәкілетті орган ұсынған тізбеге кіретін журналдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде 2 (екі) мақаланың болуы;
- біліктілікті арттыру туралы сертификаттың болуы.

Кафедра оқытушысы біліктілігіне қойылатын талаптар:

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура) жоғары білім, маман;
- білім деңгейінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі.